

Қалғұты ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 14/11-VII шешімі. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2026 жылғы 18 маусымдағы № 54/8-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 18.06.2026 № 54/8-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Күршім ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қалғұты ауылдық округі бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім аудандық мәслихатының хатшысы

М. Калелов

Күршім аудандық
мәслихатының

2021 жылғы 27 желтоқсандағы
№14/11-VII шешіміне
қосымша

Қалғұты ауылдық округінің 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына сәйкес Қалғұты ауылдық округі бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі-жоспар), "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан

Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті жол берілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Қалғұты ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемаларын (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5-қосымша);

6) Қалғұты ауылдық округі аумағында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін (7-қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл

шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Күршім ауданы Қалғұты ауылдық округінің табиғи аймағы - таулы, жайылымдардың басым түрі: итмұрын және қайың көктеректі шөптер, селеу-сұлыбас-тобылғы.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Күршім ауданының Қалғұты ауылдық округінде 3 елді мекен бар.

Ауылдық округтің жалпы жерқоры 13321 гектар (бұдан әрі – га). Соның ішінде жайылымдар - 10928 га.

Санаттары бойынша жерлер келесідей бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - 11037 га;

елді мекендердің жерлері – 13321 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауылшаруашылығына арналмаған өзге де жерлер- 85 га.

Жайылымдарды негізгі пайдаланушылар Қаратоғай, Ақши, Егіндібұлақ ауылдарының тұрғындары болып табылады.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем-шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданды.

2021 жылдың 1 қаңтарына Күршім ауданының Қалғұты ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа қожалықтары) ірі қара мал - 664 бас, ұсақ мал - 4382 бас, жылқы- 487 бас.

Қаратоғай ауылында

ірі қара мал - 341 бас, ұсақ мал - 1802 бас, жылқы- 192 бас.

Қаратоғай ауылы жайылымдарының ауданы- 947 гектар.

Ақши ауылында:

ірі қара мал - 254 бас, ұсақ мал - 1341 бас, жылқы - 188 бас.

Ақши ауылының жайылым алаңы-1130 гектар.

Егіндібұлақ ауылында:

ірі қара мал - 69 бас, ұсақ мал - 1239 бас, жылқы - 107 бас.

Егіндібұлақ ауылы жайылымдарының ауданы-1508 гектар (№ 1 кесте).

№ 1 кесте

Халық				Барлығы			
ІҚМ				ІҚМ			

№	Елді-мекен атауы	барлығы	Оның ішінде сауын сиырлар	ҰҚМ	Жылқылар	Ауылдық округ	барлығы	Оның ішінде сауын сиырлар	ҰҚМ	Жылқылар
1	Қаратоғай	341	237	1802	192	Қалғұты	664	458	4382	487
2	Ақши	254	189	1341	188					
3	Егіндібұлақ	69	32	1239	107					

Округте ауыл шаруашылық жануарларына ветеринарлық қызмет көрсету үшін 1- ветеринарлық пункт, 4- мал қорымы ұйымдастырылған.

Ауыл шаруашылығы жануарларын қамтамасыз ету үшін Қалғұты ауылдық округі бойынша 6720 гектар жайылым жерлер бар.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының " Жайылымдар туралы" Заңының 15-бабына сәйкес, Қалғұты ауылдық округі жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін ауыл шаруашылығы малдарының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекеннің 6720 гектар бар жайылымдық алқаптарында артықшылығы 3206 га (№2 кесте).

№ 2 кесте

№	Ауылдық округі	Жайылым алаңы, (га)	Сауын сиырлардың бар болуы (бас)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас , (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га)	Артылған, (га)
1	Қалғұты	6720	458	7,0	3614	3206

Қалғұты ауылдық округінің жергілікті тұрғындарының малын жаю үшін 6720 гектар берілді.

Жергілікті тұрғындардың басқа ауыл шаруашылық малдарын жаю бойынша 8153,6 гектар көлемінде жайылымдық алқап қажеттілігі бар, ІҚМ басына түсетін жүктеме нормасы – 7,0 га/бас, ұсақ мал – 1,4 га/бас, жылқы- 8,4 га/бас (№3 кесте).

№ 3 кесте

№	Ауылдық округі	Халық			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Мал жаю үшін берілді, (га)	Жетіспеушілігі, (га)
		ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	Барлығы (га)		
1	Қалғұты	664	4382	487	7,0	1,4	8,4	4648	6134,8	4090,8	14873,6	6720	8153,6

8153,6 гектар мөлшеріндегі жайылымдық алқаптардың қалыптасқан қажеттілігін 05-079-036 есептік кварталының шалғайдағы жайылымдарында халықтың ауыл шаруашылығы малдарын жаю есебінен толықтыру қажет.

Абай ауылдық округі жайылымдарының орналасу схемасына (картасына) қоса берілетін, жер учаскелерінің жер пайдаланушыларының тізімі

№	Ж е р учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыла рдың атауы	Жалпы ауданы (га)	Ауылшаруашылығы жануарларының түрлері бойынша бар болуы		
			МІМ	МҰМ	Жылқы
1	Абыкенов Кабдыл Советович	30	140	408	76
2	Кусаинов Кадыргожа	14	69	75	16
3	Смагулов Ербол Сабырович	13,5	43	135	18
4	Мусабеков Амангельді Абылбекұлы	50	260	883	132
5	Сергазин Мейрамбек	21	150	356	46
6	Жангудеев Ерназар Нурахметович	24,5	5	87	7
7	Калижанов Акылбек Осербайұлы	3,3	230	315	50
8	Баймуханбетов Бакытжан Кенисханұлы	14	57	1620	45
9	Мухтарханова Кабен	112	160	620	90
10	Байшыбаев Қайрат Ибрайұлы	43,1492	28	17	
11	Сейтказинов Адлан Жакенович	115,5	124		81
12	Зкриянов Ералы Кабдешұлы	159,8	45	18	19
13	Хамитов Тауекел Аменович	25	280	80	98
14	Шакаев Омербек Сагидолдинович	7		643	97
15	Кадирбаев Шынгыс Токтауович	20			16

16	Кишибаев Токтаргожа	10,3	18	62	1
17	Ыбраев Батырхан	7	15		
18	Саякенов Кусман Касайынулы	77,2	110	285	20
19	Есентаев Жумахан Муканович	51,4	227	485	4
20	Ибраев Каирбек Тулгатпекович	14	25	10	
21	Бакырбаев Кумаргазы Мутанович	52,5	13	21	11
22	Мамырбеков Советкан Ризабекулы	14	180	90	62
23	Нурымов Абзал Кабылканулы	60,5	28	47	31
24	Конырханов Зекен Мухамадиевич	567,8	50	421	42
25	Багдатов Бақыт	50	27	20	3
26	Аплатонов Кайролда Токенович	203,7	179	806	81
27	Сураубаев Талгатбек Кумарович	12	80	499	14
28	Намазбаева Нуркия Ермуханбетуказы	16			45
29	Далабаев Омірбек Шамарбекулы	28	20		8
30	Машманов Жәнібек	500	116		8
31	Касенов Кайырбек Солтангазинович	14	56	41	5
32	Кенесбаев Кумаркайсар	10	19	20	
33	Кусаинов Аманжол Маулыханулы	124,1	270	655	70

34	Сабырбаев Тлеугазы Шакенулы	340,3	56	118	4
35	Шарапиев Даркенбай Жумаханович	32	39	72	3
36	Тлеужанов Есімбек Кумарбекулы	15,1	36	45	
37	Баймухамбетов А д и л Кенесханович	130	153	335	44
38	Дуйсетаев К о н ы с Камзағалиевич	16,1	13	61	
39	Набиева Бағжамал	12	58	202	42
40	Жабкенов Советхан Толеуханович	31,3	32	15	
41	Асанов Калкеш Ботанулы	15	12	63	5
42	Абилкайров Серик Аханович	38	23	200	7
43	Абылкаиров Мурат Каниевич	50	44	35	5
44	Абдрахманов Казымбек	20	135		12
45	Мантиянова Марина	20	27	72	20
46	Бауыржанов Е л д а р Бауыржанулы	40,3	190	495	26
47	Амиренов Умирбек Казиолдинович	49	25	56	
48	Жангудеев Ю с у ф Ерназарович	644,2	15	649	

Қалғұты ауылдық округінің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде (бұдан әрі - ЖШС), шаруа және фермер қожалықтарында мал басы: ірі қара мал - 231 бас, ұсақ қара мал - 495 бас, жылқы-33 басты құрайды.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 919,7 га құрайды (№ 4 кесте).

№4 кесте

	Жер учаске		Ауылшаруашылығы жануарларының			
--	---------------	--	----------------------------------	--	--	--

№	лерінің меншік иелері мен жер пайдал анушы ларды ң атауы	Жалпы ауданы (га)	түрлері бойынша бар болуы			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)			Барлығы
			МІМ	МҰМ	Жылқы	МІМ	МҰМ	Жылқы	МІМ	МҰМ	Жылқы	
I	" Жигер " ШҚ	20	48	184	13	7,0	1,4	8,4	336	185,4	109,2	630,6
II	" Жигер " ШҚ	250,3							0	0	0	0
III	"Улан" ШҚ	313,5	105	160	4				735	224	33,6	992,6
IV	" Жандо с" ШҚ	16	19	29	3				133	406	25,2	264,2
V	" Сырым " ШҚ	303,9	45	87	9				315	121,8	75,6	512,4
VI	" Нұртіл ек" ШҚ	16	14	35	4				98	49	33,6	180,6
Жиыны		919,7	231	495	33				2580,4			

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

МІМ – мүйізді ірі мал;

МҰМ - мүйізді ұсақ мал;

ШҚ-шаруа қожалығы.

Қалғұты ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2021-2022 жылдарға
арналған жоспарына 1 қосымша


Қалғұты ауылдық округі аумағында құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)

Жайылым айналымының қолайлы схемалары

Жылдар	Учаскелер		
	1	2	3
1	Мал жаю	Мал жаю	Демалыс
2	Мал жаю	Демалыс	Мал жаю

Қалғұты ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2021-2022 жылдарға
арналған жоспарына 3 қосымша


Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Қалғұты ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2021-2022 жылдарға
арналған жоспарына 4 қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы


СХЕМА
использования пастбищ по Калгутинскому сельскому округу
(село Каратагый, Акши, Жылытау, Егындыбулак)



Қалғұты ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2021-2022 жылдарға
арналған жоспарына 5 қосымша


Жайылымы жоқ жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

СХЕМА
использования пастбищ по Калгутинскому сельскому округу
(село Каратагай, Ақши, Жылытау, Егіндыбулак)



Қалғұты ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2021-2022 жылдарға
арналған жоспарына 6 қосымша

Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Қалғұты ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2021-2022 жылдарға
арналған жоспарына 7 қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық
маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі**

№	Округ атауы	Жайылымға малдардың шығарылу мерзімі	Жайылымнан малдардың қайтарылу мерзімі
1	Қалғұты ауылдық округі	Маусым 1 жартысы	Қыркүйек 2 жартысы

